

Ойын бизнесі объектілеріне салық төлеушілер үшін жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 19/222 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қаңтарда N 8-17-89 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2011 жылғы 12 сәуірдегі N 60 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2011.04.12 N 60 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 419, 420, 421, 422 баптарына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ойын бизнес объектілеріне тіркелген жиынтық салық ставкалары 2010 жылдың 1 қаңтар айынан бастап қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Шет ауданы бойынша салық басқармасына бір әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орналасқан салық төлеушілер үшін бірінғай салық ставкаларын қолдану тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. Жүніске жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
аудандық Мәслихаттың*

хатшысы

Р. Мақсұтов

Аудандық

мәслихаттың

2009

жылғы

21

желтоқсандағы

XIX

сессиясының

N

19/222

шешіміне

қосымша

Шет ауданы бойынша ойын бизнесі объектілеріне тіркелген жиынтық салықты есептеу мен төлеушілер үшін ставкаларын бекіту туралы

N	Атауы	Саны	Өлшем бірлігі	Салық ставкасы
1	Бірден көп ойыншының қатысуымен ойнауға арналған акшалай ұтыссыз ойын автоматы	1	Айлық есептік көрсеткіш	30
2	Жеке компьютер	1	-	10

3	Бильярд үстелі	1	-	200
4	Ақшасыз ұтыс ойын автоматы бір ойыншымен	1	-	15
5	Букмерлік касса	1	-	40
6	Тотализаторлық касса	1	-	100

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК